

**«Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және
қадағалау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды беру»
мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінің паспорты**

1	Көрсетілетін қызметті беруші	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет аудандар мен Орал қаласының жергілікті атқарушы органдары бекіткен тізім негізінде мемлекеттік ветеринариялық дәрігерлер
2	Көрсетілетін қызметті тұтынушылар	Жеке және заңды тұлғалар
3	Көрсетілетін қызметтің нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған) немесе қағаз түрінде
4	Көрсетілетін қызметті ұсыну орны	1) аудандар мен Орал қаласының ветеринария бөлімдерінің кеңсесі; 2) www.egov.kz , www.elicense.kz «электрондік үкімет» веб-порталы
5	Көрсетілетін қызметті ұсыну тәртібі	1) аудандар мен Орал қаласының жергілікті атқарушы органдары – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі – жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін 2) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы
6	Қажетті құжаттар	Аудандар мен Орал қаласының ветеринария бөлімдеріне жүгінген кезде: 1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш; 2) жеке басын куәландыратын құжат және өкілдің өкілеттігін растайтын құжат (сәйкестендіру үшін); 3) жалға алу шартыныңқұқығындаүй-жайлардыңтиісті бар екенін растайтын құқық белгілейтін құжат көшірмесі; 4) ветеринариялық-санитариялық қорытынды бланкісініңқұнын төлегенінрастайтын құжат; Порталға жүгінген кезде: 1) мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес, тұтынушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш; 2) жалға алу шартыныңқұқығында үй-жайлардың тиісті бар екенін растайтын құқық белгілейтін құжаттың электрондық көшірмесі; 3) ЭҮТШ арқылы төленген жағдайды қоспағанда, ветеринариялық сертификат бланкісі үшін ақы төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі.
7	Көрсетілетін қызметтің құны мен ақы төлеу тәртібі	Мемлекеттік қызметжеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушылар) «Ветеринария туралы» 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабы 2-тармағының б) тармақшасына сәйкес ақылы түрде (ветеринариялық-санитариялық қорытынды бланкісі үшін) көрсетіледі. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік сатып алу туралы конкурс нәтижесі бойынша айқындалған бланктің құнын екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы төлейді. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға электрондық сұрау

		салуды портал арқылы берген жағдайда төлем «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) немесе екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.
8	Көрсетілетін қызметті көрсету мерзімі	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері: 1) құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап – 5 (бес) жұмыс күні; 2) құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут; 3) қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут.
9	Көрсетілетін қызметті көрсету нәтижесі	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: объектінің ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларға және талаптарға сәйкестігі туралы; анықталған бұзушылықтарды жоюға ұсынымдар бере отырып, объектінің ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларға және талаптарға сәйкес еместігі туралы ветеринариялық - санитариялық қорытынды (бұдан әрі - ветеринариялық - санитариялық қорытынды).
10	Нормативтік-құқықтық актілер	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 мамырдағы № 7-1/418 «Ветеринария саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылғы 27 тамызда № 11959 болып тіркелді)
11	Қосымша ақпарат	1) Батыс Қазақстан облысының ветеринария басқармасының интернет-ресурсында - vetupravlenie-bko.gov.kz 2) аудандар мен Орал қаласының жергілікті атқарушы органдары ММ 3) Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында – www.minagri.gov.kz

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша аудандар мен Орал қаласының жергілікті атқарушы органдары бекіткен тізім негізінде мемлекеттік ветеринариялық дәрігерлердің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

Шағымдану кезде шағым аудандар мен Орал қаласының жергілікті атқарушы органдары басшысының атына немесе аудандың (қаланың) әкімінің атына беріледі.

Шағым жазбаша нысанда почта арқылы немесе көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Шағымда:

жеке тұлға – оның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), почталық мекенжайы көрсетіледі;

заңды тұлға – оның атауы, почталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі.

Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қоюы тиіс.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орнын көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Аудандар мен Орал қаласының жергілікті атқарушы органдарына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға почта арқылы жолданады немесе нәсіінде қолма-қол беріледі.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Электронды өтінішті портал арқылы жолдаған кезде көрсетілетін қызметті алушыға «жеке кабинетінен» өтініш туралы ақпарат, бұл ақпарат өтінішті өңдеу барысында (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) жаңартылып отырады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгінеді.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, қызметті алушы сотқа жүгінеді.